

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

**ЕСЕПТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН НОРМАТИВТЕР
БОЙЫНША КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ
ТҰТЫНУДЫ ЕСЕПТЕУДІҢ АРАЛАС ЖҮЙЕСІ
КЕЗІНДЕ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН
ТӨЛЕМДЕРДІ ЕСЕПТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

**МЕТОДИКА РАСЧЕТА ПЛАТЕЖЕЙ ЗА
КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛУГИ ПРИ
КОМБИНИРОВАННОЙ СИСТЕМЕ УЧЕТА ИХ
ПОТРЕБЛЕНИЯ ПО ПРИБОРАМ УЧЕТА И
НОРМАТИВАМ**

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

Алғы сөз

ӘЗІРЛЕГЕН:	«Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 29.12.2010 ж. № 606 бұйрығымен 01.05.2011ж. бастап енгізілді.
ОРНЫНА:	Алғаш рет енгізілген.

Предисловие

РАЗРАБОТАНА:	Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
ПРЕДСТАВЛЕНА:	Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
ПРИНЯТА И ВВЕДЕНА В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 29.12.2010 г. № 606 с 01.05.2011г.
ВЗАМЕН:	Введены впервые.

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

Мазмұны

Кіріспе	4
1. Негізгі ережелері	5
2. Терминдер және анықтамалар.....	5
3. Тұрғын үй коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді есептеу мен жинауды ұйымдастыру.....	6
3.1. Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтардың жүйесі	6
3.2. Орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық	6
3.3. Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтар	7
3.4. Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының тұтынушылар алдында жауапкершіліктерін ажырату	12
3.5. Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының қатынасы	12
4. Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтардың тұтынушылармен тиімді байланысын арттыру мақсатында жаңа технологияларды қолдану	13
4.1. БАЕО ресми сайты	13
4.2. Call-орталық	13

Кіріспе

Есептеу аспаптары мен нормативтері бойынша оларды пайдалану есебінің құрамдастыру жүйесі кезінде коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді есептеу Методикасы Қазақстан Республикасы заңы мен құқықтық реттеу негіздеріне сәйкес тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында алғашқы рет әзірленіп отыр.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 26 мамыр 2009 жылдың № 778 қаулысымен бекітілген, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту мен жаңғырту Концепциясына сәйкес негізгі мақсаты болып өмір сүру қажеттілігі жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру, азаматтардың ыңғайлы және қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету үшін объектілер мен елді мекендерді қалыпты сақтау табылады, осыған сәйкес салаға қатысты өкілетті орталық атқарушы органдарға өз компетенциясына сай Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында барлық елді мекендер үшін бірыңғай методикалар, ережелер әзірлеу және бекіту ұсынылады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызмет берушіден 100 % төлемді алу арқылы, сапалы коммуналдық қызметті көрсетуге негізделеді. Сонымен қатар тұтынушылар коммуналдық қызмет төлемдері бойынша қолайлы жағдаймен қамтамасыз етілуі керек.

Тұтынылған коммуналдық қызмет үшін төлем процесі қарапайым және аз уақытты алуы керек.

Коммуналдық қызмет тұтынушыларының қызмет берушілермен өзара байланыстың сапасын арттыру мен оңтайландыру мақсатында негізгі қызмет болып тұтынушылар мен қызмет берушілер арасында өзара есеп айырысу тиімді процесін ұйымдастыру табылады.

Осы методика олардың құрылуы туралы шешім қабылдау қалыптасқан жергілікті мемлекеттік басқару органдары ретінде елді мекендердегі бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтар жұмысының негізгі талаптарын анықтауға бағытталған.

**ЕСЕПТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН НОРМАТИВТЕР БОЙЫНША
КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУДЫ ЕСЕПТЕУДІҢ АРАЛАС
ЖҮЙЕСІ КЕЗІНДЕ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН ТӨЛЕМДЕРДІ
ЕСЕПТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА РАСЧЕТА ПЛАТЕЖЕЙ ЗА КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛУГИ ПРИ
КОМБИНИРОВАННОЙ СИСТЕМЕ УЧЕТА ИХ ПОТРЕБЛЕНИЯ ПО
ПРИБОРАМ УЧЕТА И НОРМАТИВАМ**

Енгізілген күні – 2011.05.01

1. Негізгі ережелері

Осы есептеу аспаптары мен нормативтері бойынша оларды пайдалану есебінің құрамдастыру жүйесі кезінде коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді есептеу Методикасы (ары қарай - Методика) тұтынушыларға көрсетілген коммуналдық қызмет үшін төлем талаптары мен алымдарды ұйымдастыру процесі кезінде бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Методика көрсетілген коммуналдық қызмет көлемінің есептеу тәртібін анықтамайды.

Методиканы енгізу мақсаты болып коммуналдық қызмет үшін олардың нақты пайдалану есебімен, тұрғын үй-коммуналдық саладағы тұрғындарға қызмет көрсету жүйесі, соның ішінде ұсынылған тұрғын үй-коммуналдық және басқа да қызметтер туралы ақпараттандыру, сонымен қатар сәйкесінше қызмет ұсынушыға беру үшін коммуналдық қызмет үшін төлем жинау процесін ұйымдастыру табылады.

2. Терминдер және анықтамалар

Бұл Методикада келесі терминдер және анықтамалар пайдаланылады:

Бірыңғай ақпараттық – есептік орталығы (БАЕО) – мамандандырылған мекеме, негізгі қызметі болып коммуналдық қызмет үшін есептерді ұсыну мен төлемдерді жинауды ұйымдастыру табылады, коммерциялық есепке алу мен коммуналдық қызмет есеп жүргізу аспабына көрсеткіштерін түсіру, тұтынушылардың өтініштерін қабылдау мен жинақтау, және коммуналдық қызмет төлемдерін жинақтау механизмін жетілдіру мен оларды қызмет берушіге өткізу.

Бірыңғай төлем құжаты – коммуналдық қызметті пайдаланғаны үшін төлем жүргізуге негіз болып табылатын тұтынушыға ұсынылған төлемге квитанция немесе есеп.

Есеп жүргізу аспаптарын тексеру - қызмет көрсету өкілімен немесе БАЕО орындалатын есеп жүргізу аспаптардың жағдайын байқау үшін, техникалық талаптарына сәйкестігін анықтау мен бекіту, көрсеткіштерді түсіру, сонымен қатар есептің торабында пломбаның бар болуы мен тұтастығын анықтайтын операциялардың жиынтығы.

Есеп жүргізу аспабы – коммуналдық ресурстың көлемін өлшеуге арналған, нормалау метрологиялық сипаттамаға ие, жаңғыртылатын және физикалық шамасының бірлігін белгілі бір уақыт аралығында сақтайтын және коммерциялық есеп жүргізуге Қазақстан Республикасының тәртіппен бекітілген заңды түрде пайдалануға рұқсат етілген техникалық құрал.

Коммуналдық қызметтер - тұрғын үйді (тұрғын ғимарат) ыстық және суық сумен қамтамасыз ету, сумен қашыратын, газбен қамтамасыз ету, электрмен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, қалдықтарды тарату және лифтілерге қызмет көрсететін қызметтер.

Коммуналдық қызметті пайдалану нормативі – тұтынушылармен коммуналдық қызметті тұтынудың айлық көлемі (саны) осы Методикада көрсетілген және басқа да жағдайда жеке және жалпы үйдің есептеу аспабы жоқ кезінде коммуналдық қызмет үшін төлем көлемін анықтау үшін пайдаланылады.

Қызмет беруші – заңды тұлға, ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қатыссыз, соның ішінде тұрғын үйдегі (тұрғын ғимарат) тұтынушыларға коммуналдық қызмет көрсететін жеке кәсіпкерлер.

Тұтынушы – коммуналдық қызметті шаруашылық және тұрмыстық қажеттілікті қанағаттандыру үшін тұрғын үйді (тұрғын ғимараты) пайдаланушы жеке және заңды тұлға.

3 . Коммуналдық қызметтер үшін төлемдер мен алымдарды ұйымдастыру

3.1 Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтардың жүйесі

Сәйкес елді мекенде берілген коммуналдық қызметтер үшін төлемдер мен алымдардың жүйесін Орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық пен бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтар (ары қарай - БАЕО) жүргізеді.

3.2 Орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық

Орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- БАЕО қызметін методологиялық қолдау;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, дамыту және жүргізу;
- БАЕО мамандарының біліктілігін арттыру мен оқыту;
- БАЕО алынған статистикалық мәліметтерді жинау мен талдау, республика бойынша ортақ ақпараттық базаны құрастыру;
- БАЕО жүйесінің орталық мемлекеттік атқарушы органдармен өзара байланысын қамтамасыз ету;
- Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтардың жүйесін дамыту

3.2.1 БАЕО қызметін методологиялық қолдау

Орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтардың жергілікті жерлерде олардың қызметтерінің барлық этаптарында құқықтық және методологиялық қамтамасыз етеді.

Методологиялық қамтамасыз ету келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- БАЕО ішкі құрылымын ұйымдастыру;
- БАЕО қызметкерлерінің тиімді штаттық санын анықтау;
- ең алғашқы дерекқорларды жинақтау және нақты елді мекен бойынша қалыптасқан бағдарламалық қамтамасыз етуді жүргізу.

3.2.2 Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, дамыту және жүргізу

Орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, дамыту және жүргізуге жағдай жасайды.

БАЕО үшін бағдарламалық өнімінің барлық құқығы орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталыққа жатады.

Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтарға бағдарламалық қамтамасыз ету тегін ұсынылады. БАЕО бағдарламаны көшірмеуге жағдай жасауы міндетті.

Бағдарламалық өнім келесіні қамтамасыз етуі керек:

- тұтынушылар туралы дерекқорларды мүлтіксіз жүргізуге;
- бекітілген нысанмен және оларсыз да есептіліктер мен ақпараттарды қалыптастыру;
- дерекқорлардың қауіпсіздігі және оларға заңсыз кірудің алдын алу;
- Орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық мен БАЕО жүктелген міндеттерге сәйкес даму, жаңару мен толықтырылу мүмкіндігі.

3.2.3 БАЕО мамандарының біліктілігін арттыру мен оқыту

БАЕО жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында БАЕО қызметінің бағыттары бойынша мамандарының біліктілігін арттыру мен оқыту жүргізіледі.

Оқыту орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық базасында және жергілікті жерлерде жүргізіледі.

Оқу процесіне мамандандырылған техникалық білім мен жаңалықтарды алу қажеттілігі кезінде қызмет берушілер немесе мамандандырылған білім мекемелерін базасы негізінде ұйымдасуы мүмкін.

3.2.4 БАЕО алынған статистикалық мәліметтерді жинау мен талдау, республика бойынша ортақ ақпараттық базаны құрастыру

Барлық БАЕО алынған дерекқорлар ортақ ақпараттық дерекқорға жиналып, орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталығында талданады және жүйеленеді.

Қажет кезінде орталық бірыңғай ақпараттық – есептік орталық және жерлілікті мемлекеттік органдарының сұраныстары бойынша өзінің құзыреттілігі шегінде қажетті ақпаратты жинайды.

3.3 Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтар

БАЕО нақты елді мекендерде келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- коммуналдық қызмет тұтынушыларын есепке алу, тұтынушылардың толықтай қызметтік ортақ дерекқорларын құрастыру;
- берілген коммуналдық қызметтер үшін тұтынушылармен келісім шарт жасау процесін ұйымдастыру;
- коммуналдық қызмет тұтынушыларын есепке алу;
- есептеу аспаптарын тексеру мен көрсеткіштерін түсіру;
- нақты тұратын тұлғалардың санын анықтау;
- берілген коммуналдық қызметтер үшін есептер (қайта есептер) жүргізу;
- бірыңғай төлем құжаттарын тұтынушыларға жеткізу, қалыптастыру және мөрлеу;
- коммуналдық қызметтер үшін төлем құжаттарын қажетті лицензияларға ие екінші деңгейлі банктер арқылы ұйымдастыру;
- тұтынушыларға наразылықтары мен хабарламаларды жеткізу;
- коммуналдық қызмет есептеу аспабын коммерциялық есепке алу;
- абоненттік қызмет көрсетуге қатысты тұтынушылардан өтініштер қабылдау;
- берілген коммуналдық қызметтер үшін берешектерді төлету бойынша жұмыстар;
- коммуналдық қызметтерді ұсынуды тоқтату мен шектеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- коммуналдық қызмет төлемдерін талдау;
- берілген коммуналдық қызметтер таратылған нақты көлемін талдау;
- тұтынушылар мен қызмет берушілерді анықтама - ақпараттармен қамтамасыз ету;
- келісім шарт шегінде техникалық бақылау.

Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтар нақты елді мекендерде тұтынушылармен жұмыс жасау үшін «бір терезе» принципімен жұмыстарын ұйымдастырады.

Бұл кезде әрбір 50000 тұрғынға бір терезеден аз емес, соның ішінде әрбір халыққа қызмет көрсету Орталықтарында біреуден кем емес терезе ашылады.

3.3.1 Коммуналдық қызметті тұтынушылар есебі

БАЕО барлық коммуналдық қызмет тұтынушылары туралы ортақ дерекқор қалыптастырады.

Тұтынушылар туралы дерекқорларда пәтерлерде және тұрғын үйлерде тұратын тұлғалардың сандары туралы ақпараттар, пәтерлер мен тұрғын үйлердің ортақ алаңы, құрастырылу дәрежесі, коммуналдық қызметтер түрлері, қызметтерді пайдалану нормалары, пайдаланылған коммуналдық қызмет көлемі, егер ондай мәліметтер тіркелген жағдайда, есептелінген сомалар, жүргізілген төлемдер, тұтынушылардың өтініштері мен оларға жауаптар, қайта жүргізілген есептеулер мен олардың негіздері, есептеу аспаптары туралы дерекқорлар мен олардың көрсеткіштері, көрсетілген коммуналдық қызметке жасалынған келісім шарт бекітілінуі туралы, техникалық шарттары мен олардың келісімдері туралы ақпараттар, ескерту, өшіру туралы ақпараттар мен тексеру нәтижелері.

Тұтынушылары туралы бірыңғай дерекқорларда пәтерлер мен тұрғын үйлерде (тұрғын ғимарат) тұратын тұрғындардың жалпы саны, пәтерлердің және тұрғын жайдың жалпы алаңы, қолданылған коммуналдық қызметтің, есептелген соммасының, жүргізілген төлемінің, тұтынушылардың өтініштері мен оларға жауаптардың, жүргізілген қайта есептеулер мен олардың негіздері, есептеу аспаптарының мағлұматы мен олардың көрсеткіштері туралы ақпараттарды жинақтайды.

Дерекқорларға меншік құқығы жергілікті атқарушы органдарға тиесілі. Үшінші тұлғалардың дерекқорларды пайдалануы (соның ішінде БАЕО басқа да құрылтайшыларына) рұқсат етілмейді.

БАЕО коммуналдық қызмет тұтынушыларының дерекқорларын сақтау бойынша барлық шараларды жүзеге асырады.

Қызмет берушілер БАЕО мен қызмет берушілер арасында келісім шартпен келісілген шешімдер шегінде пайдалану құқығына ие болады..

3.3.2 Коммуналдық қызмет көрсету үшін тұтынушылармен келісім шартқа тұру

БАЕО коммуналдық қызмет көрсету үшін тұтынушылармен келісім шартқа тұру процесін ұйымдастырады.

Коммуналдық қызметтерді көрсетуге келісім шартқа отыру принципі «бір терезе» принципі бойынша жүзеге асады.

Жеке коммуналдық қызметтер көрсету келісім шарты бойынша жақтар (Тұтынушы мен Қызмет беруші) өзгермейді.

Жеке коммуналдық қызметтер көрсету келісім шартының мазмұны Қазақстан Республикасының заңдылығының талаптарына сәйкес келуі керек. Әрбір коммуналдық қызмет бойынша жеке келісім шарттар жасалынады.

Коммуналдық қызмет көрсету үшін тұтынушылармен жасалған келісім шарттардың түпнұсқасы сәйкес қызмет берушіге ай сайын қабылдау – тапсыру актісімен ережеге сәйкес, БАЕО мен қызмет берушілер арасында келісім шартпен қарастырылған шарттар бойынша айына бір реттен кем емес жүзеге асырылады.

3.3.3 Есептеу аспаптарын тексеру мен көрсеткіштерін түсіру

БАЕО жұмысшылары тұтынушылардағы есептеу аспаптарының жұмыс қабылеттілігін, есептеу аспабының барлық тораптарында пломбалардың бар болуын тексереді, сонымен қатар олардың көрсеткіштерін түсіреді.

Есептеу аспаптарынан көрсеткіштерді түсіру мен тексеру бекітілген ішкі нұсқау графигіне сәйкес ай сайын жүргізіледі.

Есептеу аспаптарынан көрсеткіштерді түсіру уақыт бойынша бірдей циклда жүзеге асырылады. Есептеу аспаптарынан көрсеткіштерді түсіру графигінен ауытқуға 2 жұмыс күні рұқсат етіледі.

Есептеу аспаптарының (тораптарының) нәтижелері болып ауыстыру туралы нұсқама, есептеу аспабын тексеру, сонымен қатар бұзылуды қалпына келтіру туралы нұсқама болуы мүмкін.

3.3.4 Нақты тұратын тұлғалардың санын анықтау

Тұтынушының пәтерінде немесе тұрғын үйлерде (тұрғын ғимаратта) нақты тұратын тұлғалардың саны тексеруді жүргізген тұлғамен және тұтынушымен қол қойылған сәйкесінше актіде көрсетіледі.

Тұтынушының қол қоюдан қарсы келген кезінде, акты қалыптасқан заңдылыққа сәйкес ережеге сәйкес жүзеге асады.

Бірыңғай төлем құжатында көрсетілген нақты тұратын тұлғалардың саны есептеу үшін коммуналдық қызмет түрлерінің барлығы бойынша ортақ болып табылады.

3.3.5 Берілген коммуналдық қызметтер үшін есептерді (қайта есептерді) орындау

Берілген коммуналдық қызметтер үшін есептерді (қайта есептерді) жүргізу Қазақстан Республикасы заңы және осы Методикаға сай коммуналдық қызметтің әрбір түрі бойынша жүзеге асырылады.

Жүзеге асырылған қайта есептер есеп айдан кейінгі бірыңғай төлем құжатында көрсетіледі.

3.3.6 Бірыңғай төлем құжаттарын тұтынушыларға жеткізу және мөрлеу

Бірыңғай төлем құжаттары келесі ақпараттарға ие болуы керек:

- а) ғимараттың почталық мекен жайы, тұтынушы туралы ақпарат (аты – жөнін көрсете отырып), оның тұлғалық шотының номері, тұрғындардың саны, тұрғын үй алаңы;
- б) БАЕО атауы, оның банктік шотының номері және банктік реквизиті, мекен жайы (тұрған жері), байланыс телефондары номерлері, факс номері және (бар болған жағдайда) электрондық почтасының, Интернеттегі сайтының мекен жайы;
- в) төленетін айдың көрсеткіші, төленетін коммуналдық қызметтің атауы, коммуналдық қызметке тарифтердің (баға) мәні, бекітілген тұтыну нормасы, егер осындай норма бекітілсе, егер де келесілер бекітілсе, пайдалану нормасы мен саны, коммуналдық қызмет көлемінің өлшем бірлігі;
- г) коммуналдық қызметтің есептерінің аспаптарын алдыңғы және ағымдағы көрсеткіштерін көрсете отырып, коммуналдық қызметтің есептеу кезеңіндегі тұтынған есептеу көлемі;
- д) негіздемені көрсете отырып коммуналдық қызмет үшін төлем көлемінің өзгеруі туралы ақпарат, соның ішінде байланыс: уақытша тұратын тұрғындарды көрсете отырып; коммуналдық қызметтің сапасының төмендеуі; берілетін коммуналдық қызметтер туралы келісім шартта көрсетілген тұтынушыға орындаушыдан тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімақы) төлеу;
- е) алдыңғы кезеңдердегі қарызы (артық төлеу) туралы ақпараттар;
- ж) Қазақстан Республикасы заңымен қарастырылған басқа да ақпараттар.

Бірыңғай төлем құжаттары есептік айдан кейінгі айдың 12 жұлдызына дейін жеткізіледі.

3.3.7 Коммуналдық қызметтер үшін төлем құжаттарын екінші деңгейлі банктер және басқа да мекемелер арқылы ұйымдастыру

Төлемдерді жинау тұтынушылармен төлемдерді сәйкес лицензиялары бар (жылдам төлейтән терминалдар) екінші деңгейлі банктермен және де басқа да мекемелермен бірыңғай төлем құжаттары арқылы жүзеге асырылады.

Коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді жинау қызмет көрсетушілер пайдасына жүргізіледі. Коммуналдық қызметтер үшін жиналған ақша қаражаттарын БАЕО меншік шоттарына аударуға жол берілмейді.

Әрбір қызмет көрсетуші бойынша ақша қаражаттары банктердің арнайы транзиттік шоттарына аударылады. Банк төлемді алғаннан кейін келесі күннің 13.00 кешіктірмей төлем құжаттарының түбіртектерін БАЕО бағыттайды. БАЕО 24 сағаттың ішінде төлем құжаттарын реттейді және банкке қызметтерді тасымалдаушылар үшін транзиттік шоттарынан аудару үшін төлемдерді тарату түбіртегін жөнелтеді.

3.3.8 Наразылықтарды және хабарламаларды жеткізу

БАЕО коммуналдық қызметтерді пайдалану кезінде ақауларды жөндеу туралы шешілген шешімдермен тұтынушыларға жеткізуді ұйымдастырады, сонымен қатар қазіргі заңмен қарастырылған жағдайларға сәйкес коммуналдық қызметтерді ұсынуды шектеу немесе тоқтату туралы хабарламалар береді.

3.3.9 Коммуналдық қызмет есептеу аспаптарын коммерциялық есепке алу

Коммуналдық қызмет есептеу аспаптарын коммерциялық есепке алу есептеу аспаптарын (тораптарын) пломбалау жолымен және тексеруді жүргізген тұлғамен және тұтынушымен қол қойылған сәйкесінше актіні құрғанда жүзеге асырылады.

Есептеу аспаптарын пломбалау БАЕО жұмысшыларымен Қазақстан Республикасы заңының талаптарына толықтай сәйкес кезінде жүргізіледі, егер бұл БАЕО мен қызмет көрсетушілер арасындағы келісім шартта тұрасынан көрсетілсе.

Нақты аспапты пломбалау көрсетілген қызметтердің есептерінің көлемдері олардың көрсеткіштері арқылы жүзеге асады.

3.3.10 Тұтынушылардан өтініштер қабылдау

БАЕО тұтынушылардың өтініштерін өздерінің меншік бөлімшелерімен, ортақ call-орталық, сонымен қатар сайт пен электронды поштасы арқылы қабылдайды. БАЕО тұтынушыларды қандай өтініштер қандай жолдармен қабылданатыны туралы ақпарат беруі міндетті.

Коммуналдық қызмет ұсынуға қатысты және солар төлемдерді төлеу бойынша азаматтардың барлық өтініштері бойынша, қандай тілде өтініш алынса, сол тілде БАЕО өтініш берушіге сәйкесінше жауап береді.

БАЕО-на қатысты өтініштер БАЕО өзі жұмысқа қабылдайда, ал коммуналдық қызметті сапасыз көрсеткені туралы тұтынушылардың өтініштерінің көшірмелері (экземплярлары), БАЕО мен қызмет көрсетушінің арасындағы шартына сәйкес, қызмет берушіге ұсынылады.

3.3.11 Берілген коммуналдық қызметтер үшін берешектерді төлету бойынша жұмыстар

Берілген коммуналдық қызметтер үшін тұтынушылардан берешектерді төлету, сонымен бірге соттың тәртібімен, БАЕО қызмет берушіден сенімхат негізінде жүзеге асырылады.

БАЕО тұтынушылардан берешектерді төлету кезінде тұтынушыларды сенімхат бар екендігі туралы хабарлауы керек.

3.3.12 Коммуналдық қызметті ұсынуды шектеу мен тоқтату бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

БАЕО коммуналдық қызметтерді шектеу мен тоқтату бойынша жұмыстарды ақаулардың жөнделгеніне дейін ұйымдастырады, егер бұл БАЕО мен қызмет көрсетуші арасындағы келісім шартпен нақты қарастырылса. Коммуналдық қызметтерді шектеу мен тоқтату тек заңмен тікелей қарастырылған жағдайда ғана негіздемелер бойынша мүмкін болып табылады.

Көрсетілген жұмыстарды ұйымдастыру БАЕО қызмет көрсетушіден алынған сенімхат негізінде жүзеге асырылады.

БАЕО тұтынушыларды осындай сенімхат бар екені туралы ақпараттандыру керек.

3.3.13 Коммуналдық қызмет төлемдерін талдау

Әрбір есептік кезеңнің көрсеткіші бойынша БАЕО уақыттары мен қызмет түрлері бойынша, коммуналдық қызметтер төлемдеріне талдау жүргізіледі.

Әрбір есептік кезең үшін коммуналдық қызметтер төлемдеріне талдау мәліметтері қызмет берушілерге беріледі.

БАЕО нысандар бойынша Орталық ақпараттық-есептік орталықпен анықталған есептер құрастырады. Бұл ақпараттар Орталық ақпараттық-есептік орталыққа көрсетілген уақытта ұсынылады.

3.3.14 Көрсетілген коммуналдық қызметтердің нақты жүзеге асырылған көлемі

БАЕО әрбір қызмет түрі бойынша көрсетілген коммуналдық қызметтердің нақты жүзеге асырылған көлеміне талдау және есеп жүргізеді.

Қосылған тораптар арқылы көрсетілетін коммуналдық қызметтер бойынша есептік талдауы тораптағы техникалық ысыраптарды анықтауға және бақылауға жағдай жасауы керек.

Әрбір есептік кезең үшін коммуналдық қызметтер төлемдеріне талдау мен есептеу мәліметтері қызмет берушілерге беріледі.

БАЕО Орталық ақпарат-есептеу орталығы анықтаған формалары бойынша есеп құрастырады. Бұл ақпараттар Орталық ақпараттық-есептік орталыққа көрсетілген уақытта ұсынылады.

БАЕО сәйкес қызметтер бойынша қызмет берушілер мен БАЕО арасындағы келісім шартта анықталған форма мен уақыты бойынша қызмет көрсетушілерге есептерді құрастырып ұсынады.

3.3.15 Тұрғын үй көмегін рәсімдеу үшін құжаттарды қабылдау

БАЕО заңмен қарастырылған тәртібіне сәйкес өкілетті органы үшін тұрғын үй көмегін бекіту бойынша құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады.

3.3.16 Тұтынушылар мен қызмет берушілерді анықтама – ақпараттық қамтамасыз ету

Тұтынушылар мен қызмет берушілерді анықтама – ақпараттық қамтамасыз ету келесідей жүргізіледі:

- өтініш берушіге қатысы бар мәліметтерді беру.
- тұтынушыларға коммуналдық қызметтер үшін қарызы бар-жоқтығы туралы анықтаманы беру;
- қызмет берушілер тарапынан сапасыз қызмет беру кезіндегі тұтынушылардың құқықтары туралы кеңес беру, сонымен қатар тұрғын үй көмегін алу мүмкіндіктері туралы;
- call-орталықтарының қызметі мен БАЕО сайттарын жұмысын жүзеге асыру.

3.3.17 Техникалық бақылау

БАЕО ақаулардың пәндеріне тұтынушылардың тораптары үшін техникалық бақылауды (құрылыс стадиясында техникалық қадағалаудан басқа) жүзеге асырады, (өзіндік қосулар, тиімсіз пайдалану және т.б.), егер бұл БАЕО мен қызмет беруші арасында келісім шартпен қарастырылса.

Көрсетілген қызметтерді жүзеге асыру БАЕО қызмет көрсетушіден сенімхаттың алынуы негізінде жүзеге асырылады.

БАЕО тұтынушыларды осындай сенімхаттың бар екендігі туралы ақпараттандыруы керек.

3.4 Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының тұтынушылар алдында жауапкершіліктерін ажырату

БАЕО көрсетілген коммуналдық қызмет үшін есептелген төлемдер, есептеу аспаптарынан алынған көрсеткіштердің дұрыстығына, төлем құжаттарының уақытында жеткізілуіне жауапкершілікке ие.

Көрсетілген коммуналдық қызметтердің сапасы үшін қызмет беруші жауапты.

Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының тұтынушылар алдында жауапкершіліктерін ажырату келісім шартта нақты қарастырылуы керек.

3.5 Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының қатынасы

Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының келісім шарттардың негізінде жүзеге асады және олардың мазмұны осы Методиканың талабына қарсы келмеуі керек.

Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының келісім шарттары қызмет берушілер мен БАЕО әрбір қызметтері бойынша және осы Методиканың 3.3. тармағында көрсетілген регламенттеу ережесіне сай болуы керек. БАЕО мен қызмет беруші арасында жасалынған келісім шартта әрбір коммуналдық қызметтердің технологиялық, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктері қарастырылуы керек.

Қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтарының келісім шартында келесілер қарастырылуы керек:

ортақ базаның қалыптасуының этаптарын жүзеге асыру, тестік мазмұнда базаны қызмет еткізу, жаңа базаға ортақ төлем құжатына қосыла отырып өту мерзімдері;

тараптардың қызметтік міндеттері, жауапкершіліктерді және міндеттерді коммуналдық қызметтің әрбір түрі бойынша бөліп алу;

қызмет берушілер мен бірыңғай ақпараттық-есептік орталықтар арасында тұтынушылар алдындағы жауапкершіліктерді және өкілеттіліктерді бөліп алу;

қызметтерді жүзеге асыру жоспар-графикі;

тұтынушыларға бірыңғай төлем құжаттарын жеткізу мерзімі;

көрсетілген коммуналдық қызмет үшін төлем ретінде түскен ақша қаражаттарының қызмет берушілердің банктік есеп шотына есептеу механизмі;

БАЕО қызмет берушілерге ұсынылатын есептіліктердің нысаны, оларды ұсыну уақыты мен тәртібі;

келісім шартпен техникалық бақылаудың жеке түрлерін жүзеге асыруы қарастырылса, оны жүзеге асыратын БАЕО жұмысшыларының қызметтік деңгейіне қойылатын минималды талаптар;

көрсетілген коммуналдық қызмет төлемі мен есептеулерді талдауды орындау мерзімі;

көрсетілген коммуналдық қызмет төлемі мен есептеулерді талдауларды беру тәртібі;

- бірыңғай ақпараттық-анықтама орталықтары қызметтері үшін өзара есептесу тәртібі, орындалған жұмыстың актісіне қол қою шарттары;

- құжаттарды, соның ішінде тұтынушылардың өтініштері мен қызмет көрсету шарттардың түпнұсқаларын, тараптар арасында алмасу тәртібі;
- апатты-диспетчерлік қызметтері мен call-орталығының арасында өзара ақпарат алмасу.

БАЕО құны тараптармен анықталады. Коммуналдық қызметтердің құны табиғи монополистер туралы заңдылыққа сәйкес анықталған жағдайда, БАЕО қызметтерінің құны тарифпен бекітілген абонентті-бақылау қызметіне арналған шығыннан аспауы керек.

4 . Бірыңғай ақпараттық – есептік орталықтардың тұтынушылармен тиімді байланысын арттыру мақсатында жаңа технологияларды қолдану

БАЕО өзінің қызметін ұйымдастырғанда коммуналдық қызмет тер үшін төлемдерді жинауға технологияларды қолданудың барлық мүмкіндіктерін қолданады (интернет-банкинг, ұялы байланыс операторлары арқылы байланыс, жылдам төлем терминалдары арқылы, электронды почта немесе ұялы байланыс арқылы коммуналдық қызметтер төлемдері туралы таратылымдар (ескертулер) және т.б.

4.1 БАЕО ресми сайты

БАЕО ресми сайты келесі мүмкіндікті жүзеге асыруы керек:
БАЕО қызметін толықтай ақпараттық қамтамасыз ету;
тіркелген пайдаланушыларға төлем құжатының электронды нұсқасын тарату;
тұтынушылардан өтініштер қабылдау;
онлайн-кеңес беру.

4.2 Call-орталық

Тұтынушыларға дистанционды көрсету қызметін арттыру мақсатында БАЕО Call - орталықтарын ұйымдастырады.

Call-орталықтар:

БАЕО мен қызмет берушілер ұсынатын қызметтер туралы ортақ ақпаратты, жұмыс графиктерін және т.б. ұсынады;

нақты тұтынушыға қатысты ақпаратты тұтынушыға ұсынады (қарызының болуы/болмауы, қайта есептеулер туралы ақпарат және т.б.);

деректерді дистанционды жөнелту қарастырылған жағдайда, есептеу аспаптардың деректерін қабылдау;

есептеу аспаптарын пломбалау немесе есептеу аспаптарынан пломбаны алып тастау өтініштерін қабылдау;

қызметтерді пайдалануды апаттық тоқтату немесе олардың сапасын төмендеуі туралы өтінішті қабылдау;

техникалық шарттарды, келісімдерді алу туралы, тұрғын үй көмегі туралы ақпараттарды ұсынады.

Call-орталықтар арқылы ұсынылатын ақпараттық – кеңес беру қызметтерінің саны техникалық мүмкіндікті арттыра отырып, тұрақты дамып отыруы керек.

Содержание

Введение	15
1. Общие положения	16
2. Термины определения	16
3. Организация начисления и сбора платежей за жилищно-коммунальные услуги	17
3.1. Система единых информационно-расчетных центров	17
3.2. Центральный информационно-расчетный центр	17
3.3. Единые информационно-расчетные центры (ЕИРЦ)	18
3.4. Разграничение ответственности и полномочий между услугодателями и ЕИРЦ перед потребителем	23
3.5. Отношения услугодателей и единых информационно-расчетных центров	23
4. Применение новых технологий с целью повышения эффективности взаимодействия единых информационно-расчетных центров с потребителями	24
4.1. Официальный сайт ЕИРЦ	24
4.2. Call-центр	24

Введение

